

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 18 ақпандағы № 120 "Айына салық салу бірлігі үшін нақтыланған салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 шілдедегі N 153 шешімі. Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 02 қыркүйекте N 3-6-89 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 1 наурыздағы № 227 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 01.03.2018 № 227 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" № 148 Заңының 6 бабы, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV ҚРЗ Кодексінің 422 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Қарғалы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 19 наурызда № 3-6-79 болып тіркелген, аудандық "Қарғалы" газетінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі 16-17 нөмірлерінде жарияланған аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 18 ақпандағы " Айына салық салу бірлігі үшін нақтыланған салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" № 120 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1. Шешім қосымшасының атауынан "базалық" сөзі алынып тасталынсын, үшінші бағанның атауы жаңа редакцияда мазмұндалсын: "Айлық есептік көрсеткіштерде тіркелген салықтың ставкаларының мөлшері".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы:
Ж.Көлжанов

Аудандық мәслихат
хатшысы:
Ж.Құлманов

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 22 шілдедегі
№ 153 шешіміне
Қосымша

Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың ставкаларының мөлшері

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	Айлық есептік көрсеткіштерде тіркелген салықтың ставкаларының мөлшері
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК